



«Бекітемін»
Мектеп директоры: А.С. Майканов
«29» 08 2024 ж

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы
«Қараой мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Келісемін»: *Таласқалиев*
МДТЖО: Е.А. Таласқалиев
«28» 08 2024 ж

ҚАРАОЙ МЕКТЕП-БАЛАБАҚШАСЫ БОЙЫНША ПСИХОЛОГТЫҢ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мектеп психологының жылдық жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығы .Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығы негізінде құрылды.

Психологиялық қызмет жоспары оқушылармен, мұғалімдермен, ата - аналармен жұмыс негізінде құрастырылды. Жоспар барысында диагностикалық жұмыстар, түзету – дамыту жұмыстары, кеңес беру жұмысы, ағартушылық жұмыстары, әлеуметтік диспетчерлік жұмыс бағыттары жүзеге асырылады. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық шаралар, тренингтер, сауалнамалар, зерттеу әдістемелері тәрізді жұмыс түрлері ұйымдастырылады.

Психологиялық қызметтің мақсаты – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

- Білім алушының жас ерекшелігіне қарай оқыту, тәрбиелеу және рухани адамгершілік дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- *Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;

- *Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;

- *Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру (алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу.

Білім беруде мектеп климатын бағалау үшін индикаторларды әзірлеу (өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсету алгоритмін және жұмыс жоспарын дайындау), әдістемелік ұсынымдар даярлау.

Ата – анамен жұмыс жасаудың мақсаты:

- Білім алушы мен ата – ана арасында тығыз достық қарым – қатынас құруына жағымды әсер ету, жалпы кластың білім мен даму процесіне ата – ананы баулу.

Мұғалімдермен жұмыстың мақсаты:

- Білім алушылардың дамуындағы психологиялық - педагогикалық мәселелерді бірігіп шешу.

- Білім алушының білім алуы мен дамуын қалыптастыруына ықпал ететін әлеуметтік – психологиялық ортаны жобалау және жүзеге асыру.

Психологиялық қызметтің жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Психологиялық диагностиканың мақсаты:

- Баланың тұлғалық немесе интеллектуалдық дамуындағы құндылықтарды анықтау. Психологиялық диагностика мәселені анықтау, жеке немесе топтық жоспарлау, әдістемелік құралдарды таңдау сатылары бойынша жүзеге асады.

Психологиялық түзету - дамыту жұмысының мақсаты:

- Білім алушының бойында «мен» тұжырымдамасын қалыптастыра отырып, психологиялық қолдау беру және жетістік ситуациясын орнату. Психологиялық диагностика жұмысының нәтижесі бойынша түзету - дамыту жұмысы жүргізіледі.

Психологиялық алдын – алу жұмысының мақсаты:

- Жасөспірімдердің психологиялық, эмоционалдық күйін реттей білу, зиянды әрекеттерден бойын аулақ ұстауға қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын ұстануға баулу.

Психологиялық кеңес беру жұмысының мақсаты:

- Білім алушы, ата – ана және педагогикалық ұжымға күнделікті туындайтын қиындықтарды шешуге және өзін – өзі жетілдіруге көмектесу. Психологиялық кеңес беру оқу мәселесі, жас ерекшеліктеріне байланысты туындайтын мәселелер, өзара қарым – қатынас құру, кәсіптік бағдар т.б. мәселелерге байланысты жүргізіледі.

Әдістемелік, әлеуметтік-диспетчерлік қызмет жұмысының мақсаты:

- Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шараларын ұйымдастыру.

Психологтың өзекті мәселесі:

Психологиялық қызметтің даму мен оқу-тәрбиелеу процесін психологиялық қамтамасыз ету, яғни білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық денсаулығын қорғау, оқушылар арасында келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында, оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру және жүргізу.

Психологиялық қызметтің негізгі мақсаты:

Психологиялық қызметтің мақсаты – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету. Мақсатқа жетудің негізгі құралы білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау болып табылады.

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

Оқушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру.

Оқушылардың психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға тұлғалық ықпал ету.

Оқушыларға әлеуметтік – психологиялық қолдау көрсету

Психологиялық қиыншылықтары бар оқушылардың мәселелерін шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүргізу.

Психологиялық мәселелерді шешуде және оқу – тәрбие жұмыстарында қолайлы әдістерін талдау ата-аналар мен мұғалімдерге консультациялық көмек беру.

Оқушылардың өзін тануына, айқындауына және дамуына мүмкіндік беру, бала дамуындағы табиғи механизмдерді сақтау.

№	Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауапты	Орындалу туралы белгі
I.Диагностика							
1	Бірінші сынып оқушыларының мектепке даярлығын анықтау, психологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу.	Диагностика	1-сынып	Қыркүйек	«Керн-Йерасек» тесті	Психолог	Хаттама
2	Бесінші сынып оқушыларымен оқуға бейімділігін анықтау (Лусканова)	Диагностика	5-сынып	Қыркүйек	Мектепке бейімделуін анықтау сауалнамасы	Психолог	хаттама
3	Интернет қауіпсіздік қатерінің алдын алу	Диагностика	6-8 сынып	Қыркүйек	Сауалнама	Психолог	Хаттама
4	Оқушылардың сыныптағы қарым-қатынасын зерттеу	Диагностика	5-11 сынып	Қыркүйек	Социометрия	Психолог	Хаттама
5	Өзін-өзі бағалауды анықтау	Диагностика	8-11 сынып	Қазан	Айзенк тесті	Психолог	Хаттама
5	Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау	Диагностика	6-7 сынып	Қазан	Зунге сауалнамасы	Психолог	Хаттама
7	Оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау	Диагностика	5-6 сынып	Қараша	Филлипс сауалнамасы	Психолог	Хаттама
3	Жасөспірімдердің мазасыздық деңгейін анықтау	Диагностика	7 сынып	Қараша	О.Кандаш тесті	Психолог	Хаттама
9	Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың эмоционалдық көңіл-күй мен таным процестерін зерттеу	Диагностика	ЕБҚО	Қараша	Жасерекшелігі не қарай таным процестерін зерттеу	Психолог	Хаттама
0	Кәсіби бағдар тесттері	Диагностика	9,11 сынып	Желтоқсан	Голланд әдістемесі	Психолог	Хаттама
1	Сауалнама	Диагностика	Педагогтер	Қаңтар	Сауалнама	Психолог	Хаттама

12	Ситуациялық мазасыздық, жеке мазасыздық шкаласын анықтау	Диагностика	8-11 сынып (Айзенк тестінен жоғары шыққан білім алушылар)	Қаңтар	Спилберг-Ханин	Психолог	Хаттама
13	Оқушылардың темпераментін анықтау	Диагностика	4-11 сынып	Ақпан	Темперамент	Психолог	Хаттама
14	Баланың бойындағы агрессия деңгейін анықтау	Диагностика	4 сынып	Ақпан	«Кактус» әдістемесі	Психолог	Хаттама
15	Танымдық қабілетін анықтау: Қабылдау, зейін, есте сақтау, сөздік қорын анықтау	Диагностика	4 -сынып	Наурыз	Таным процестерін анықтауға арналған диагностика	Психолог	Хаттама
16	Оқушылардың тұлғалық-мотивациялық аймағын диагностикалау	Диагностика	4 сынып	Сәуір	«Жануарлар мектебі» жобалау әдістемесі	Психолог	Хаттама

II.Түзету-дамыту

1	5 сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуіне психологиялық көмек.«Бірінші рет 5 сыныпқа» тренинг	Түзету-дамыту	5- сынып	Қыркүйек	Тренинг	Психолог	Хаттама
2	1-сынып білім алушыларының мектеп өміріне бейімделуіне психологиялық көмек	Түзету-дамыту	1-сынып	Қыркүйек	Тренинг	Психолог	Хаттама
3	«Менің сыныбым» тренинг	Түзету-дамыту	1 сынып	Қараша	Тренинг	Психолог	Хаттама
4	«Ашуды қалай жеңуге болады?»	Түзету-дамыту	5 сынып	Желтоқсан	Психологиялық сабақ	Психолог	Хаттама
5	«Күйзелістен қалай арылуға болады?»	Түзету-дамыту	8-9 сынып	Қаңтар	Психологиялық сабақ	Психолог	Хаттама

7	«Мен өміріме, өзіме - жауаптымын»	Түзету-дамыту	10- сынып	Қаңтар	Психологиялық сабақ	Психолог	Хаттама
8	«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ!»	Түзету-дамыту	9-11 сынып	Ақпан	Тренинг	Психолог МДТІЖО	Хаттама
9	Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша тренинг «Өмір қымбатсың маған»	Түзету-дамыту	7-8 сынып	Ақпан	Тренинг	Психолог	Хаттама
10	«Біздің сынып - бұл біз» тренинг	Түзету-дамыту	1 сынып	Қаңтар	Тренинг	Психолог	Хаттама
11	Жоғары және орта буын оқушыларының агрессиясы жоғары оқушыларымен жұмыс	Түзету-дамыту	8-11 сынып	Наурыз	Тренинг	Психолог	Хаттама
12	Таным қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар	Түзету-дамыту	1-4 сынып	Наурыз	Тренинг	Психолог	Хаттама
13	«Реніштен арылу» тренингі 18/8 жасармалар жасауы:	Түзету-дамыту	5 сынып	Сәуір	Тренинг	Психолог	Хаттама
14	Білім алушының өзіне деген сенімділікті қалыптастырып, пайдалы қарым-қатынас алгоритмін меңгерту «Сенімділік кілті»	Түзету-дамыту	11 сынып	Сәуір	Тренинг	Психолог	Хаттама
5	Қажеттілікке қарай үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс	Түзету-дамыту	Оқушылар	Жыл бойы	Сұраныс бойынша	Психолог	Хаттама, жұмыс динамикасы

III.Профилактика

	Оқушылардың көңіл-күйін көтеру, ойларын ширату, бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу, сергіту жаттығуларын жасату	Профилактика	8-9 сынып	Қыркүйек	«Калейдоскоп»	Психолог	Хаттама
	Мектептегі психологиялық денсаулық (буллинг, кибербуллинг)	Профилактика	Сынып жетекшілер	Қыркүйек	Презентация	Психолог	Хаттама

3	Интернет желісіндегі кері әсер ететін сайттар жайында түсіндірме жұмыстар мен кибербуллингті алдын алу	Профилактика	7-9 сынып	Қазан	Кездесу	Психолог	Хаттама
4	Психологиялық акция	Профилактика	5 сынып	Қазан	«Із кесуші»	Психолог	Хаттам
5	«Тәтті time» тимбилдинг	Профилактика	Педагогтер	Қазан	Тимбилдинг	Психолог Әлеуметтік педагог	Хаттама
6	«Буллинг, кибербуллинг дегеніміз не?»	Профилактика	3-5 сынып	Қараша	Түсіндірме жұмысы	Психолог	Хаттама
7	«Біз біргеміз»	Профилактика	Педагогтер	Желтоқсан	Тренинг	Психолог Әдіскер	Хаттама
8	Жыныстық зорлық –зомбылық «Егер сіздің өміріңізге қауіп төнсе...	Профилактика	9-11 сынып	Қаңтар	Психологиялық сабақ	Психолог	Хаттама
9	Қауіпсіз интернет балалар үшін	Профилактика	6-11 сынып	Ақпан	видеоролик	Психолог МДТЮ	Хаттама
10	Жоғарғы сынып оқушыларының арасындағы құқықбұзушылықты алдын алу жұмыстары	Профилактика	8-11 сынып	Наурыз	Учаскелік полициямен кездесу	Психолог ДТІЖО	Хаттама
11	Оқушы қыздар арасында ерте жүктілікті алдын алу бойынша қыздар жиналысы	Профилактика	7-11 сынып қыз балалары	Жыл бойы	Сұраныс бойынша	Психолог МДТІЖО	Хаттама
12	Оқушы ер балалар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша ер балалар жиналысы	Профилактика	7-11 сынып ер балалары	Жыл бойы	Сұраныс бойынша	Психолог МДТІЖО	Хаттама
13	Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық пен діни экстремизмді алдын алу жұмыстары	Профилактика	Оқушылар	Жыл бойы	Сұраныс бойынша	Психолог МДТІЖО	Хаттама
14	«Сенім жәшігі», «Сенім телефонының» жұмысының жүргізілуі	Профилактика	Оқушылар Ата-аналар	Жыл бойы	Сұраныс бойынша	Психолог МДТІЖО	Хаттама

15	АІБ есебінде, сәтсіз, мектепшілік есепте, тәуекел топта тұратын және ЕБҚ білім алушылардың үй тұрмыстық жағдайын тексеру: әлеуметтік-педагогикалық қолдау, диагностикалық жұмыстар мен жекелей жұмыстар жүргізу, қаржылай және материалдық қолдау көрсету, сабақтарына қатысу	Профилактика	Оқушылар Ата-аналар	Жыл бойы	Сұраныс бойынша	Психолог МДТІЖО Әлеуметтік педагог	Анықтама
16	АІБ есебінде, сәтсіз, мектепшілік есепте, тәуекел топта тұратын және ЕБҚ білім алушылардың аудандық, мектепшілік іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету	Профилактика	Оқушылар	Жыл бойы	Іс-шаралар	Психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Анықтама
17	Тәуекел топ, мобильді қолдау, мобильді бақылау топ оқушыларымен жұмыс	Профилактика	Оқушылар	Жыл бойы	Сұраныс бойынша	МДТІЖО Әлеуметтік педагог Психолог	Хаттама
18	Мобильді бақылау, мобильді қолдау оқушыларымен жұмыс	Профилактика	Оқушылар	Жыл бойы	Стот бақылау картасы	Психолог Сынып жетекшілері МДТІЖО Әлеуметтік педагог	Хаттама
9	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, отбасында қиын жағдай орнаған оқушылардың ата-аналарына, оқушыға және қиын оқушылармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу	Профилактика	Оқушылар	Жыл бойы	Сұраныс бойынша	МДТІЖО Әлеуметтік педагог Психолог	Хаттама

IV. Консультация беру

1	Мектепке қабылданған баланың психологиялық даярлығы бойынша ата-анаға кеңес беру	Консультация беру	1-сынып ата-аналары	Қыркүйек	Сұраныс негізінде	Психолог	Консультация журналына тіркеу
---	--	-------------------	---------------------	----------	-------------------	----------	-------------------------------

2	Балалар мен жасөспірімдер арасында есірткі мен басқа да зиянды заттарды пайдалануды алдын алу бойынша акпарат және кеңес беру	Консультация беру	9-11 сынып	Қазан	Консультация	Психолог	Хаттама
3	ҰБТ қатысатын оқушыларға психологиялық кеңес	Консультация беру	Оқушылар	Жыл бойы	Консультация	Психолог	Консультация журналына тіркеу
4	ЕБК оқушыларға, олардың ата-аналары мен мұғалімдерге психологиялық кеңес беру жұмыстарын жүргізу	Консультация беру	Ата-аналар Педагогтер Оқушылар	Жыл бойы	Консультация	Психолог	Консультация журналына тіркеу
5	Оқушылардың мамандық таңдауда психологиялық көмек беру мақсатында кеңес беру	Консультация беру	9,11 сынып	Жыл бойы	Консультация	Психолог	Консультация журналына тіркеу
6	Мектептің психологиялық қызметіне жүтінген ата-аналарға әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру және қолдау шараларын ұйымдастыру	Консультация беру	Ата-аналар	Жыл бойы	Консультация	Психолог Әлеуметтік педагог	Консультация журналына тіркеу
7	Мектепшілік арнайы топта және мектеп инспекторының есебінде тұратын оқушылармен жұмыс істеу мақсатында кеңес беру	Консультация беру	Ата –ана, Педагог, Оқушы	Жыл бойы сұраныс негізінде	Консультация	Психолог	Консультация журналына тіркеу
8	Мұғалімнің жеке мәселелері бойынша	Консультация беру	Педагогтер	Жыл бойы сұраныс негізінде	Консультация	Психолог	Консультация журналына тіркеу
9	Сұраныстар бойынша консультация беру	Консультация беру	1-11 сынып	Жыл бойы	Консультация	Психолог	Консультация журналына тіркеу
10	Тәртібі қиынға бейім, девиантты іс-әрекетке тән мінез-құлқы қиын оқушылармен жұмыс істеу мақсатында кеңес беру	Консультация беру	Педагогтер Ата -аналар	Жыл бойы сұраныс негізінде	Консультация	Психолог	Консультация журналына тіркеу

11	Оқушылармен, ата-аналармен, мұғалімдермен жеке кеңес	Консультация беру	Оқушы, педагог, ата-ана	Жыл бойы сұраныс негізінде	Консультация	Психолог	Консультация журналына тіркеу
V. Ұйымдастырушылық-әдістемелік							
1	Білім алушыны жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүргізуге ата-аналардың келісімін алу	Ұйымдастырушылық-әдістемелік	1-11 сынып	Қыркүйек	Келісім шарт	Психолог Сынып жетекшілер	Келісім шарт
2	Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды анықтау (үйден оқитын оқушы, ОПМПК бақылауындағы оқушыларды, мүгедек оқушыларды)	Ұйымдастырушылық-әдістемелік	1-11 сынып	Қыркүйек	Есепке алу	Психолог Әлеуметтік педагог	ОПМПК шешімі
	«Балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы отбасы мен мектептің ынтымақтастығы»	Ұйымдастырушылық-әдістемелік	Ата-аналар	Қыркүйек	Тренинг	Психолог МДТІЖО	Хаттама
	ОПМПК –ға құжаттарды реттеу /Іс құжаттарын жүйелеу/	Іс-құжаттарын жүйелеу	1-11 сынып	Мамыр	Мінездеме жазу	Психолог	Мінездеме
5	Білім бөліміне атқарылған жылдық психологиялық қызметтің есебін тапсыру	Есеп тапсыру		Мамыр		Психолог	Жылдық есеп беру